

Павлодар облысында коммуналдық меншік есебінің тізілімін жүргізу жөніндегі ережелерді бекіту туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы әкімінің шешімі 2001 жылғы 23 ақпандағы N 45 Павлодар облысының әділет басқармасында 2001 жылғы 3 сәуірде N 609 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімінің 2005 жылғы 14 наурыздағы N 5 шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімінің 2005 жылғы 14 наурыздағы N 5 шешімімен.

Коммуналдық меншік есебінің жетілдіру және оның дұрыстығын қамтамасыз ету, сондай-ақ коммуналдық мүлікті пайдаланылуын бақылау мақсатында

Ш Е Ш І М

қ а б ы л д а й м ы н :

1. Павлодар облысында коммуналдық меншік тізбесі есебін жүргізу жөніндегі ережелер бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Акцияларға (үлестерге) құқықтары коммуналдық меншік иелігіндегі мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындар мен мекемелерге, акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктерге қатысты құрылу, қайта құру, тарату, қайта тіркеу, сондай-ақ ауыртпалық, акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктерге әкімінің қатысуын өзгерту, мүлік қозғалысы мәселелерінің осы шешімге сәйкес реттелетін анықталсын.

3. Акцияларға (үлестерге) құқықтары коммуналдық меншік иелігіндегі мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындар, мекемелер, акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктері тізілімін жүргізу облыстық коммуналдық меншік департаментіне жүктелсін (әрі қарай - Тізілім иесі).

4. Облыс бойынша әділет басқармасы (келісім бойынша), облыс бойынша статистика басқармасы (келісім бойынша), жергілікті мемлекеттік органдар Павлодар облысында коммуналдық меншік есебінің тізілімін жүргізу жөніндегі ережелерге сәйкес мәліметтердің облыс коммуналдық меншік департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

5. Облыс коммуналдық меншік департаменті осы шешімнің орындалу барысы туралы ақпаратты облыс әкімінің аппаратына тоқсан сайын жіберіп отырсын. 6. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары М.Н. Оспановқа жүктелсін. 7. Облыс әкімінің 2000 жылғы 25 желтоқсандағы "Павлодар облысында коммуналдық меншік меншік есебінің тізілімін жүргізу жөніндегі ережені бекіту туралы" N 310 шешімінің күші жойылсын. Облыс әкімінің

міндетін атқарушы Павлодар облысы әкімінің 2001 ж. 23 ақпандағы N 45 шешіміне қосымша Павлодар облысында коммуналдық меншік есебінің Тізілімін жүргізу жөніндегі қағида

Осы Ережеде коммуналдық меншікке қатысуы бар қайта ұйымдастырылатын және тарататын заңды тұлғалардың, акциялар мемлекеттік пакеті және Павлодар облыстық коммуналдық меншігінде олардың активтерінің (кейін-Тізілім) үлес қатысуы бар негізгі принциптерін ұйымдастыруды және Тізілімді жүргізуін р е т т е й д і .

1 . Ж а л п ы қ а ғ и д а л а р

1. Тізілім коммуналдық кәсіпорындарда, мекемелерде, акционерлік қоғамдарда және шаруашылықты серіктестіктерде акциялар мемлекеттік пакеті және үлестік қатысы бар коммуналдық меншіктік (әрі қарай- заңды тұлғалар) және коммуналдық мүліктер (жылжымайтын мүлік, көліктер, құралдар) туралы деректерді, осы қағидада белгіленген талаптарға сәйкес ұсынылған ақпараттарды е н г і з е д і .

2. Тізілім екі бөлімнен - негізгі және қосымша - тұрады.

Негізгі бөлім заңды тұлғалар туралы мәліметтер жазылатын 1-қосымшада көрсетілген көрсеткіш бағаналардан тұрады.

Қосымша бөлім заңды тұлғалар балансындағы коммуналдық меншікке жататын (жылжымайтын мүлік, көлік) негізгі құралдар деректері есебінің негіздемесінде толтырылған 2, 3-қосымшада көрсетілген бағаналардан тұрады.

2 . Т і з і л і м д і т о л т ы р у

3. Тізілімнің негізгі бөлімін толтыру мына көрсетілген заңды тұлғалар жөнінде деректерді енгізу негіздемесінде жүзеге асырады:

облыс бойынша әділет басқармасымен (келісім бойынша)- тіркелген, қайта тіркелген және таратылған коммуналдық заңды тұлғалар туралы, оның ішінде 4-қосымшаға сәйкес акциялар пакеті және коммуналдық меншіктікке үлес қатысуы бар заңды тұлғалар жатады ;

облысы бойынша статистикалық басқармасымен (келісім бойынша) - 5-қосымшаға сәйкес заңды тұлғалар есебімен;

тәуелсіз тіркеушілермен (акционерлік қоғамдарда)- мемлекеттік акцияларға меншіктік құқығын дәлелдеу туралы (тіркеушілер көшірмесі);

облыс коммуналдық меншік департаментімен (уәкілетті органмен бірге)- сатып алынған (коммуналдық меншікке (берілген) мүлік) туралы.

Тізілімнің қосымша бөлігін толтыру, коммуналдық заңды тұлғаларды"

өзбетінше немесе Тізбе ұстаушы уәкілетті органдар ұсынған мәмілеттер негіздемесінде жүзеге асырылады.

Жылжымайтын мүлік пен көлік жөнінде берілетін мәліметтер 2, 3 қосымшаларға сәйкес болу керек.

3. Тізілімге өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

4. Заңды тұлғаларды ұйымдастыру, қайта ұйымдастыру, тарату (соның ішінде заңды тұлғаларды мүліктік кешендер ретінде сатуға байланысты), қайта тіркеуден өткізу, жарғылық капиталды өзгерту, сондай-ақ мемлекеттік бағалы қағаздарды мәмілелеу мен мемлекеттік үлес қатысын өзгертуге қатысты барлық іс-қимылдар Тізілімінде көрсетілуге тиісті.

Заңды тұлғаларды қайта ұйымдастыру дегенді: Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің К941000_45-бабы нормаларына сәйкес біріктіру, қосу, бөлу, бөліп шығару, қайта ұйымдастыру деп түсіну керек.

Қайта тіркеу заңды тұлғалардың құрылтайшы құжаттарына өзгерістер енгізуі мүмкін, бұл өзгерістер аумақтық әділет органдарында да көрсетілетін болады.

5. Тізілімді жүргізу және түзетулер енгізу үшін:

1) облыс бойынша әділет және статистика басқармалары (келісім бойынша) әр он күнде Тізілім иесіне мемлекеттік үлес қатысуы бар коммуналдық меншіктің заңды тұлғаларының тіркелгені, қайта құрылғаны және таратылғаны жөнінде электронды немесе қағаздық ақпарат көздерінде хабарландырсын.

әділет басқармасы (келісім бойынша) заңды тұлғаларды тіркеу, қайта ұйымдастыру және қайта тіркеу өтініштерін Тізілім иесінің қараған белгісінен кейін ғана қабылдасын;

2) облыс қалалары мен аудандары әкімдері:

коммуналдық меншіктің заңды тұлғаларын, соның ішінде акциялар пакеттері мен үлестік телімдері коммуналдық меншіктің қарамағындағы заңды тұлғаларды құрған, қайта ұйымдастырған, қаржыландыру көздерін өзгерткен, оларды республикалық меншіктен коммуналдыққа ауыстырған кезде құқықтық кесімдерде жоғарыда аталған заңды тұлғалар бекітілетін уәкілетті органдарды аяқындасын;

коммуналдық меншіктің заңды тұлғаларын таратқан, қайта ұйымдастырған және басқаша құрған кезде заңға сәйкес жоғарыда аталған рәсімдерді орындауға жауапты нормативтік құқықтық кесімдерде нақты орындаушыны (уәкілетті органды) анықтасын.

3) облыс департаменттер, басқармалар, қала және аудан әкімдері Тізілім ұстаушыға:

ведомстволық қарама-қатарындағы заңды тұлғалардың есепті жылдан кейінгі

жылдың 1 қаңтарына дейінге нақтыланған тізбесін 1-қосымшаға сәйкес нысанада
с о л ж ы л ғ ы 1 с ә у і р г е д е й і н ;

құрылтайшылар шешімдерінің нөмірлері мен күндерін көрсете отырып,
заңды тұлғалардың құрылғандығы, қайта тіркелгендігі мен таратылғандығы
туралы ақпаратты, таратылған жағдайда облыс бойынша әділет басқармасының (
к е л і с і м б о й ы н ш а) б ұ й р ы қ т а р ы н ;

заңды тұлғалардың мемлекеттік тіркелуі және статистикалық карточкалары
туралы куәліктерінің көшірмелерін (уәкілетті органдар немесе заңды тұлғалар -
д е р б е с) .

2, 3, 6-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша ведомстволық заңды тұлғалар
балансына жататын көліктік құралдар және жылжымайтын мүлік объектілерінің (
қ а б ы л д а у - т а п с ы р у , с а т у , а й ы р б а с т а у , е с е п т е н ш ы ғ а р у) қ о з ғ а л ы с ы ж әне б о л у ы
т у р а л ы м ә л і м е т т е р ;

есепті жылдан кейінгі жылдың бірінші тоқсанның аяғына дейін
қосымшаларымен бірге жылдық баланс;

осы Тізілімге түзету енгізу үшін Тізілім иесімен бірлесе отырып тоқсан сайын
өткізілетін салыстырулардың қорытындыларын тапсырады.

6. Заңды тұлғаларды Тізілімнен шығару облыс бойынша әділет
басқармасының заңды тұлғалардың қызметін тоқтатуды тіркеу туралы
бұйрықтарына немесе анықтамаларына сәйкес жүзеге асырылады.

7. Коммуналдық меншікке қатысты мәміленің барлық түрлері міндетті түрде
коммуналдық меншік департаменті келісімі бойынша жүзеге асырылады. Тізілім
иесі Тізілімге нақтылаулар мен өзгерістен енгізуге қажетті қосымша құжаттарды
талап етуге құқылы. 8. Тізілім иесі мемлекеттік органдарға ақпараты олардың
жазбаша түріндегі сұраулары бойынша береді. 9. Тізілім иесі: Тізілімді толтыру,
оған түзету енгізу және Тізілім мәліметтерін беру тәртібіне байланысты қосымша
ақпарат сұратуға; Тізілімнің іске асырылуын қолдау мәселелерін ұйымдастыруға
байланысты басқа функцияларды орындауға құқылы. 4. Заңды тұлғалардың
басшылары мен уәкілетті органдардың жауапкершіліктері 10. Заңды тұлғалардың
басшылары мен мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары осы қағиданы
орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда тәртіптік жауапқа
т а р т ы л а д ы .

N 1 қ о с ы м ш а

Тізбенің негізгі көрсеткіштері _____

_____ N | | I. Көрсеткіштер | II.

Түсіндірме _|_____ |_____

_____ 1 Код ОКПО Объектінің сәйкестірілген коды 2 Тіркелген нөмері

қолы) (қолы) М.О. М.О. N 4 қосымша Облыс бойынша әділет басқармасының" мемлекеттік қатысумен заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу, тарату жөніндегі мәлімет 2000 ж. "___" _____ жағдайы бойынша _____

N|Заңды тұлғаны |Заңды тұлғаның|Мекен жайы|Қызмет түрі| Жарғылық | мемлекеттік тіркеу, |толық аттары | |қордың мөлшері |қайта тіркеудің | | | (мың теңге) |түрі, нөмірі, күні | | | | _____ | _____ | _____

_____ | _____ | _____ | _____ | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | _____ | _____ | _____ | _____

_____ | _____ | _____ | _____ | Ескерту: заңды тұлғаны тарату кезінде тарату жөнінде бұйрық (нөмірі, күні) көрсетілсін. N 5 қосымша Мемлекеттік қатысумен коммуналдық заңды тұлғаларды" статистика органдарында тіркелгендігі туралы деректер "___" _____ ж. мен "___" _____ ж _____

_____ N |ОСК код | Заңды тұлғаны" |Заңды тұлғаның |Индексі, мекен жайы, | мемлекеттік тіркеу | толық аты | телефон, факс | | (қайта тіркеу) | | | | нөмірі, күні | | _____ | _____ | _____ | _____

_____ | _____ | _____ | _____ | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | _____ | _____ | _____ | _____

_____ | _____ | _____ | _____ | Бірінші басқарушының|ОКЭД коды|Қызмет түрі |Жарғылық қор | Пайыз бойынша Т.А.Ә. | | мөлшер (мың | мемпакет | | теңге) |(мемүлес) мөлшері | | | | _____ | _____ | _____

_____ | _____ | _____ | _____ | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 _____ | _____ | _____ | _____

_____ | _____ | _____ | _____ | _____ | _____ | _____ | _____ | N 6

қосымша "Бекітемін" Коммуналдық меншік Департаментінің бастығы _____

_____ Қабылдау-тапсыру АКТІСІ _____

_____ (объектінің аты) (заңды тұлға) _____

_____ баланстан берілді (заңды тұлға) _____ балансқа

алынды _____ 2000 ж."___" _____ №

_____ (КМД бұйрығын, шешімін, хаттарын және т.б.) орындауда Комиссия құрамында: _____

_____ (жылжымайтын мүлік, көлік объектілері тағы басқа) _____

_____ мемлекеттік меншік _____ баланстан балансына _____

_____ (тапсыру, сату, сатып

алу, ауыстыру) _____ жүргізілді. Жылжымайтын мүлікпен мәміле

құру жағдайында: Объектінің аты- Мекен-жайы- Пайдалануға берілген жылы-

Алғашқы баланстық құн, теңге- Тозуы- Баланстық қалдық құн, теңге- Жалпы

көлемі, ш.м. - Объектінің алып тұрған жер телімінің көлемі ш.м.- Құрылыс

материалы- Маркасы, түрі, мемлекеттік нөмірі- Қозғалтқыштың сериясы, нөмірі

және т. б.- Пайдалануға берілген жылы - Алғашқы баланстық құны, (теңге)

Тозуы (теңге) Қалдық құны (теңге) Объектіні тапсырдым: Объектіні қабылдап алдым: заңды тұлғаның"басшысы заңды тұлғаның басшысы Комиссия мүшелері Комиссия мүшелері: М.О. М.О. Оқығандар : А.Татарков В.Подольян

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК